

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 4 қазанда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә. Смайыловқа

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Асылowқа

Депутаттық сауал

«Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының менеджменті халықтың емес, өздерінің әл-ауқатын арттыруға аянбай еңбек етуде!

«Самрұқ-Қазынаның» еншілес «Самрұқ-Қазына Бизнес Сервис» компаниясының басшылығы кәсіпорынның тапқан пайдасынан екі есе көп бонус алған.

Кәсіпорын басшысы бір жылда 74,9 млн теңге, басшылық 274 млн теңге бонус жазып алған. Кәсіпорынның таза пайдасы **38,5 млн теңге ғана!**

Өз кезегінде, «Самрұқ-Қазына Бизнес Сервис» компаниясының еншілес кәсіпорны болып табылатын «КАЗ КЛОУД» компаниясының да басшылығының өздеріне жомарттығында шек жоқ.

«КАЗ КЛОУД» компаниясының менеджменті, компанияның таза пайдасы 61-млн. теңге бола тұра, премия ретінде бір жылда 336 млн теңге алған.

«Қазақтелеком» Басқармасының **Есекеев** бастаған мүшелері жалпы 422 млн теңге премия алған. Әрбір мүшесіне **105 млн** теңгеден келеді!

Біздің қарапайым халқымыз бір үзім нанға жарымай, ұнның қымбаттауына қиналып отырғанда, бұл неткен асқандық?

Мұндай ашкөздік біздің азаматтардың **әділеттілік принциптеріне** сеніміне девальвация жасай отырып, олардың заңды ашу-ызасын тудыратыны анық!

«Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының басшылары, еншілес кәсіпорындары өздерінің басшыларына **бонус, сыйақы** жазып алуға ғана қызмет ете ме?» - деген заңды сұрақ туады!

АМАНАТ Фракциясы «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының атына заты сәйкес келуі керек деп есептейді!

1. «Самрұқ-Қазынаның» өз менеджментіне «асыра сілтеп» премия жазу саясатының заңға сәйкестігін анықтап, бұл ашкөздікті тоқтату;
2. «Самрұқ-Қазынада» құжынаған еншілес кәсіпорындардың қажеттігін анықтау;
3. «Самрұқ-Қазынаның» қаржы саясатының ашықтығын қамтамасыз ететін тетіктер жасау қажет.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**Е. Саиров
Н.Тау
Н.Сәрсенғалиев
М.Башимов
М.Толықбаев
М. Жайымбетов**

Г. Нығматулина
☎ 8 (7172) 74-64-08